

Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалануды лицензиялау тәртібі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 8 тамыз N 886. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.08.16. N 1017 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Жер қойнауын геологиялық зерделеу, пайдалы қазбалар өндіру және өзге мақсаттарға пайдалану үшін беру тәртібі туралы" 1994 жылғы 13 сәуірдегі N 377 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалануды лицензиялау тәртібі туралы осыған қосылған Ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын

қорғау министрлігі 1995 жылғы 30 наурызға дейін өтінімдер мен лицензиялық құжаттарды қарасын және Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалануды лицензиялау тәртібі туралы Ережеге сәйкес барлық заңды ұйымдар мен жеке адамдардың қазіргі қолданылып жүрген және жобаланып отырған жер қойнауын пайдалану жөніндегі лицензияларының бәрін белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметінде бекітетін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасының
Министрлер Кабинеті

Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалануды
лицензиялау тәртібі туралы
Ереже

1994 жылғы
шілде

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 8 тамыздағы
N 886 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасында жер қойнауын
пайдалануды лицензиялау тәртібі туралы
Е р е ж е

1 . Ж а л п ы қ а ғ и д а л а р

1.1 Осы Ереже Жер қойнауы және минералдық шикізатты ұқсату туралы Қазақстан Республикасының Кодексіне, 1993 жылғы 31 наурыздағы N 2063-Х Қазақстан Республикасының Су Кодексіне, Қазақстан Республикасы Президентінің: "Геологиялық зерделеу мен пайдалы қазбалар өндіру үшін жер қойнауын пайдалануды ретке келтіру жөніндегі қосымша шаралар туралы" 1994 жылғы 5 сәуірдегі N 1637, "Мұнай операциясы туралы" 1994 жылғы 18 сәуірдегі N 1662 жарлықтарына, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Жер қойнауын геологиялық зерделеу, пайдалы қазбалар өндіру және өзге мақсаттарға пайдалану үшін беру тәртібі туралы" 1994 жылғы 13 сәуірдегі N 377 қаулысына сәйкес әзірленді және жер қойнауын геологиялық зерделеу, пайдалы қазбалар кен орындарын игеру, пайдалы қазбалар өндірумен байланысты емес жерасты ғимараттарын салу мен пайдалану, кен өндіру өндірісі мен соған байланысты ұқсату өндірісінің қалдықтарын пайдалану жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін жер қойнауын пайдалану құқығына лицензиялар берудің және жер қойнауын өзге мақсаттарға пайдаланудың тәртібін белгілейді.

2. Лицензиялау объектілері, лицензиялар, лицензиялардың иегерлері

2.1 Олардың шегінде рұқсат етілген қызмет жүзеге асырылатын жер қойнауының учаскелері, сондай-ақ кен өндіру өндірісі мен соған байланысты ұқсату өндірісінің қалдықтары лицензиялау объектілері болып табылады.

2.2 Лицензия оған иелік етушінің белгілі бір шекарада аталған мақсатқа сәйкес белгіленген мерзім бойы күні бұрын келісілген талаптар мен шарттарды сақтай отырып, жер қойнауы учаскесін, сондай-ақ кен өндіру өндірісі мен соған байланысты ұқсату өндірісінің қалдықтарын пайдалануына құқығын куәландырушы құжат болып табылады (N 3 қосымша).

2.3 Ұсынылып отырған лицензия жер қойнауының нақты түрін пайдалануды жүзеге асырудағы лицензиаттың құқығын заңды түрде бекітіп береді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметімен немесе облыстардың әкімдерімен (кең таралған пайдалы қазбалардың кен орындары бойынша) контракт (шарт) жасау шарттары мен мерзімдерін және оған қол қою үшін тіркелген уақыт кезеңін белгілейді.

2.4 Контракт (шарт) оның негізінде жатқан лицензияға сәйкес келуге тиіс. Контрактінің лицензияға қайшы келетін ережелерінің күші болмайды. Жер қойнауын пайдалануға үкімет лицензиясын алған адаммен келіссөз жүргізуді және контракті (шартты) әзірлеуді әрбір нақтылы жағдайда Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілеген құзырлы орган, ал кең таралған пайдалы қазбалар бойынша - облыстардың әкімдері жүзеге асырады.

2.5 Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану түрлеріне сәйкес лицензиялардың мынадай түрлері:

жер қойнауын геологиялық зерделеуге арналған лицензия; пайдалы қазбалар өндіруге және жер қойнауын өзге мақсаттарға пайдалануға арналған лицензия, соның ішінде жерасты ғимараттарын салу мен пайдалануға, қалдықтарды көмуге және басқаға арналған лицензия;

геологиялық зерделеуге және сол аумақ шегінде орналасқан пайдалы қазбаларды өндіруге (кешенді түрде) арналған лицензия беріледі.

2.6 Жер қойнауының учаскелері берілетін жер қойнауы учаскесінің шекарасы белгіленген, оның шегінде лицензияда аталған жұмыстарды жүзеге асыру рұқсат етілетін геологиялық және кен бөліктерінің қосымшасы бар лицензия негізінде пайдалануға беріледі. Шекараның дәлме-дәл сипаттамасы мен координаттық байламы болуға тиіс. Жер қойнауы учаскесінің шекарасы барынша іргелес және мүмкіндігіне қарай тура желілермен шектелуге тиіс. Бөлінген учаскенің шекарасына ұрымтал тұста жер қойнауын пайдалануға байланысты қандай да болсын қызмет жасауға тиым салынады.

2.7 Егер Қазақстан Республикасының заңдылық актілерімен өзгеше

нұқсан келтірмей атқарылатын өзге де жұмыстарды жүргізу құқығына лицензиялар алу талап етілмейді. Аталған жұмыстардың жүргізілуіне рұқсатты Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі (бұдан әрі текст бойынша - Геологиямині) немесе оның аумақтық басқармалары б е р е д і .

Минералогиялық, палеонтологиялық және басқа да геологиялық коллекциялық материалдарды жинау құқығына рұқсат беру тәртібін Геологиямині белгілейді.

4. Пайдалы қазбалар өндіруге арналған л и ц е н з и я

4.1 Пайдалы қазбалар өндіруге, жер қойнауын өзге мақсаттарға пайдалануға арналған, соның ішінде пайдалы қазбалар өндірумен байланысты емес жерасты ғимараттарын салуға, пайдалануға, қалдықтарды көмуге, жер қойнауының айрықша күзетілетін учаскелерін ұйымдастыруға арналған жер қойнауы учаскесіне лицензия кен бөлігі қосымшасымен бірге беріледі.

4.2 Кен бөлігінің шекарасын белгілеген кезде пайдалану объектісін айқындайтын жер қойнауы учаскесінің мөлшері ғана емес, сонымен бірге жер қойнауын пайдалануға байланысты жұмыстардың технологиялық әсер ету аймағы да (кіре берістегі және пайдаланылудағы кен қазбалары, күзет нысаналары және басқасы) ескеріледі. Кен бөлігінің түпкіріне қарай шектеуі болуға тиіс. Жер астынан ішетін және минералдық сулар шығару үшін жер қойнауы учаскелерін берген кезде кен бөлігінің шекарасы әрбір нақтылы жағдайда негізделуі тиіс. Әдетте, ол санитарлық күзеттің қатаң режимі аймағының шекарасы болады.

4.3 Кен бөлігінің шекарасы жер қойнауын пайдаланудың жобасы жасалып, келісілгеннен кейін дәлденуі мүмкін.

4.4 Пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензия кен орындарын игеруге, сондай-ақ кен шығару және ұқсату өндірісінің қалдықтарын ұқсатуға рұқсат береді. Қазақстан Республикасының Су Кодексіне сәйкес берілген суды арнайы пайдалануға рұқсат жерасты сулары кен орындарын игеруге арналған лицензия б о л ы п т а б ы л а д ы .

4.5 Лицензия бүкіл кен орнын немесе оның жеке бөлігін игеруге беріле алады .

Бір кен орнын әртүрлі пайдаланушылар игеруі мүмкін. Бұл ретте игерудің технологиялық және басқа шарттары берілетін кен лицензияларында айтылады.

4.6 Пайдалы қазбалар өндіруге арналған лицензия иегерінің берілген кен бөлігінің шегінде оның өндіруге байланысты жер қойнауын геологиялық зерделеу жөніндегі жұмысты қосымша лицензиясыз жүргізуге құқығы бар.

4.7 Кең таралған пайдалы қазбалардан құрылыс материалдарын және тұщы су (N 1 қосымша) алу құқығы Қазақстан Республикасының азаматтарында берілген рұқсаттамаларды Геологияминінің аумақтық басқармаларында тіркеуді қамтамасыз етуге міндетті жергілікті әкімдерден рұқсат алғаннан кейін пайдаланылады.

4.8 Пайдалы қазбаларды өндірумен байланысты емес ерекше қатардағы жерасты ғимараттарын салу мен пайдалану құқығына арналған лицензия жер қойнауының белгілі бір учаскелерін пайдалануға берілген рұқсат болмайды, ал көзделген мақсат үшін жер қойнауын пайдалану жөніндегі шынайы геологиялық деректердің бар екені жайында куәландыратын құжат болып табылады.

4.9 Өзге мақсаттарға арналған ерекше қатардағы жерасты ғимараттарын жобалаған кезде, объектіні пайдаланудың мүмкін болатын қолайсыз экологиялық және басқа да зардаптарын болжамдаудың күрделілігін ескере отырып, жоба Қазақстан Республикасының Үкіметі арнайы құрған комиссияның сараптамасынан өтеуге тиіс.

4.10 Зиянды заттарды, өндіріс қалдықтары мен сарқынды суларды көмуге байланысты жерасты ғимараттарын жобалауға көмілетін заттарды белгілі бір шекарадан жайылдырмау мүмкіндігі туралы анық геологиялық деректердің болуы және бұл заттардың жер қойнауының көршілес учаскелері мен жерасты суларына өтіп кетуін болғызбайтын кепілдік қамтамасыз етілуі жағдайында ғана жол беріледі.

4.11 Жерасты ғимараттарын салу үшін, соның ішінде зиянды заттарды көму мақсатында жер қойнауын пайдалануға арналған шарт облыс әкімімен жасалады.

4.12 Радиоактивті заттарды көму үшін жер қойнауын пайдалануға құқық беруді экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін арнайы объектісі болған жағдайда, халықты міндетті түрде хабардар ете отырып, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі жүзеге асырады.

4.13 Арнайы объектіні салу жобасы Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінде, Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігінде, Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі комитетте, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінде, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінде сараптаудың оң қорытындысын алуға тиіс.

5. Геологиялық зерделеу мен пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензия (кешенді)

5.1 Иегерге геологиялық зерттеу жүргізу ғана емес, сонымен бірге кен орнын игеру мен пайдалану жөніндегі жұмыстар жүргізуге рұқсат етілген кезде жер

қойнауын пайдаланудың бірнеше түрлеріне арналған біртұтас лицензия беруге
ж о л б е р і л е д і .

Бірлестірілген лицензиялар, әдетте, кәсіпкерлік тәуекел жағдайында беріледі.
Бұл орайды пайда болатын шарттық өзара қарым-қатынастың айрықша
нысандары контрактіде бекітіледі.

6. Лицензиялардың қолданылу мерзімі

6.1 Лицензиялардың қолданылу мерзімі жер қойнауын пайдаланудың
түрлеріне қарай белгіленеді.

6.2 Геологиялық зерделеу жүргізуге арналған лицензия бір немесе екі
жаңартуымен 5 жылға дейінгі мерзімге беріледі.

6.3 Пайдалы қазбалар өндіруге арналған лицензия сондай жаңартуларымен 20
жылға дейінгі мерзімге беріледі.

6.4 Жерасты ғимараттарының жекелеген түрлерін салу мен пайдалану,
ерекше күзетілетін объектілерді құру құқығына арналған лицензия 30 жылға
дейінгі мерзімге немесе қолданылу мерзімі шектеусіз болып беріледі.

6.5 Геологиялық зерделеуге және пайдалы қазбаларды өндіруге арналған
біртұтас лицензия жаңартуларымен 25 жылға дейінгі мерзімге беріледі.

6.6 Лицензияның қолданылу мерзімін ұзартқан кезде атқарылған жұмыстың
және жер қойнауымен айналадағы ортаны қорғау жөніндегі шаралардың сапасы
мен тиімділігі, жер қойнауын пайдаланғаны үшін дер кезінде төлем жасалғаны
е с к е р і л е д і .

6.7 Лицензиялардың қолданылу мерзімінің ұзартылуы оның бастапқы
шарттарын өзгертуді мансұқ етпейді, өзгерістер тараптардың екі жағының
ы қ т и я р ы б о й ы н ш а е н г і з і л е д і .

7. Лицензиялардың мазмұны

7.1 Лицензия оны беруші органдар белгілеген міндетті шарттардан және
келісім бойынша (N 4 қосымша) белгіленген шарттардан тұрады.

7.2 Лицензияның міндетті шарттарына мыналар: лицензияның иелері
жайындағы деректер, жер қойнауын пайдаланудың түрімен (түрлерімен)
байланысты жұмыстың нысаналы мақсаты, жер қойнауының берілген
учаскесінің кеңістікті шекарасы, берілген жер бөлігінің шекарасы, лицензияның
қолданылу мерзімі, ең таяудағы жұмыс бағдарламасы жатады.

7.3 Міндетті де, сондай-ақ тараптардың келісімі бойынша белгіленгендер
қатарына да жатқызыла алатын лицензия шарттарына мыналар:

жер қойнауын, жер учаскелерін, акваториялар алаңдарын және теңіз түбі
учаскелерін пайдалануға байланысты төлемдер;
минералдық шикізатты өндіру мөлшері;

алынған өнімдерді үлесі бойынша бөлу;
жер қойнауын пайдалану барысында алынатын ақпаратқа құқық;
жер қойнауы мен айналадағы ортаны ұтымды пайдалану, қорғау, жұмысты
қауіпсіз жүргізу жөніндегі міндеттемелер;
бақылау жасау тәртібі: жергілікті жұмыс күшін жұмыспен қамту;
жабдықтар мен инфрақұрылым объектілерін пайдалану және басқалары
ж а т а д ы .

7.4 Лицензия міндетті де, сондай-ақ тараптардың келісімі бойынша белгіленген де, заңдарға және осы Ережеге қайшы келмейтін жер қойнауын пайдаланудың басқа да шарттарымен толықтырылуы мүмкін. Ол сонымен бірге шарттық қатынастарды, соның ішінде концессия шартын, өнімдерді бөлу туралы шартты, қызмет көрсетуге (тәуекелді және тәуекелсіз) арналған контрактіні және өндірістік қатынастардың практикада қолданылатын өзге де нысандарын т и я н а қ т а й д ы .

7.5 7.3-тармақта аталған шарттар бойынша келісімдер лицензиядан ажыратуға болмайтын қосымшалар түрінде ресімделеді.

8. Лицензияларды берудің тетігі

8.1 Лицензиялаудың мемлекеттік жүйесі кез келген заңды ұйымдар мен жеке адамдар үшін лицензиялар берудің бірыңғай тәртібін, жер қойнауын пайдалануда барлық инвесторлар үшін тең мүмкіндіктер жасалуын көздейді.

Меншік нысанына, қызметінің ұйымдық құрылымына, қай мемлекеттікі екеніне және азаматтығына қарамастан кез келген заңды ұйым немесе жеке адам лицензияға өтініш жасай алады.

8.2 Жер қойнауын пайдалану құқығына лицензиялар көпшілік қатыса алатын конкурстар өткізу негізінде немесе өтініш беруші мен Үкіметтің лицензиялау жөніндегі жұмыс органы арасындағы тікелей келіссөздер негізінде, ал кең тараған пайдалы қазбалар бойынша - облыстардың әкімдері тарапынан беріледі. Лицензиялар берудің тәсілін (конкурс, тікелей келіссөздер) таңдау пайдалы қазбалардың лицензияланатын түрлерінің ерекшелігін, лицензияланатын объектінің зерделену деңгейін, лицензиаттың қаржылық-коммерциялық тәуекелділігінің деңгейін ескереді. Лицензиялар беру тәсілін (конкурс, тікелей келіссөздер) таңдауды әрбір нақтылы жағдайда Геологиямині белгілейді.

8.3 Халықаралық конкурстар мен олардың шарттарын Геологияминінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі жариялайды.

8.4 Конкурс жариялауға, өтінімдер қабылдауға, лицензиялар шарттарын келісуге, конкурс өткізу мен жеңімпазды жариялауға байланысты бүкіл қызметті Геологиямині немесе оның аумақтық басқармалары жүзеге асырады.

8.5 Лицензия алуға арналған конкурс ашық немесе жабық болуы мүмкін.

Ашық конкурс өткізудің шарттары баспасөзде жарияланады, ал жабық конкурстың шарттары өтінім беру күніне дейін екі айдан кешіктірілмей барлық әлеуетті қатысушылардың қаперіне жеткізіледі.

Лицензия алғысы келетін адамдардың Геологияминінен және оның аумақтық басқармаларынан конкурс өткізудің тәртібіне және лицензия алудың шарттарына байланысты ақпарат алуға құқығы бар.

8.6 Ашық конкурс өткізу туралы ақпарат Геологияминінің арнаулы журналында (бюллетенінде) конкурс басталғанға дейін 3 айдан кешіктірілмей жарияланады және онда мыналар:

пайдалануға берілгелі отырған жер қойнауы учаскелерінің орналасқан жері мен сипаттамасы;

үміткерлерді конкурсқа жіберуді айқындаудың негізгі шарттары;
конкурс өткізудің уақыты мен орны;
өтінім беру мерзімі;

алдын-ала берілетін геологиялық ақпарат пакетінің құны;
конкурсқа қатысу алымының және лицензия беру алымының мөлшері болуға тиіс.

8.7 Лицензия алуға үміткер заңды ұйымдар (бұдан әрі - кәсіпорындар) мен жеке адамдар Геологияминіне белгіленген мерзімде өтінім (N 2 қосымша) тапсырады, онда мыналар:

өтініш жасаушы кәсіпорын туралы деректер;
өтініш жасаушы кәсіпорынның басшылары мен иегерлері туралы және лицензия алар кезде өтініш жасаушының атынан келетін адамдар туралы деректер;

кәсіпорынның экономикалық әлеуеті туралы (активтері, негізгі және айналымды капиталы және басқалары), жер қойнауын пайдалану жөнінде көзделген жұмыстарды орындау үшін қажетті қаржы мүмкіндігі туралы деректер;

өтініш жасаушы кәсіпорынның, сондай-ақ ол мердігер ретінде тартқан басқа кәсіпорындардың техникалық және технологиялық мүмкіндігі туралы деректер;

соңғы бес жылда өз қызметін жүзеге асырған мемлекеттер тізімін қосқанда, өтініш жасаушының бұрынғы қызметі жайында ақпарат, жұмыс бағдарламасы мен оның жүзеге асыруға жұмсалатын шығындарды қосқанда, жер қойнауын пайдаланудың шарттары туралы өтініш жасаушының пікір-ниеті;

жерді қалпына келтіруді қосқанда, айналадағы ортаны қорғау жөніндегі өтініш жасаушының пікір-ниеті;
лицензия талап етілетін кезең болуға тиіс.

Пайдалы қазбаларды өндіру жөнінде лицензия алуға өтінімде қосымша мыналар:

барлауға берілген лицензияның деректері және ондай өтініш жасаушыда бола қалса, оны пайдаланудың нәтижесі;

пайдалы қазбаларды өндірудің көзделген көлемі мен басталу мерзімі - өндірумен байланысты шығыстар мен кірістер болжамдауының есеп-қисабы; жер қойнауын пайдалану үшін төлемдердің (бонустар, роялти, рентлз және басқалары) көзделген есеп-қисабы;

контрактілік аумақта өндірісті және әлеуметтік инфрақұрылымды дамуға тартылатын инвестициялардың көзделген көлемі болуға тиіс.

Лицензия алуға өтінімдер берілген күннен бастап бір ай ішінде қаралуға жатады және олар қабылданғаннан кейін Геологияминінің арнаулы журналында (бюллетенінде) жариялануға тиіс.

8.8 Конкурсқа қатысуға берілген өтінім сонымен бірге лицензия алуға өтінім болып табылады. Бұл өтінімге алдын-ала сараптау жүргізілмейді, өйткені мұның өзі конкурс барысында жүзеге асырылады.

Өтініш жасаушы конкурсқа қатысу үшін алым төленгеннен кейін өтінім қаралуға қабылданылады, бұл жайында өтініш жасаушы өтінім түскен күннен бастап бір ай мерзім ішінде ресми түрде хабардар етіледі.

Конкурс негізінде берілетін лицензияларды алуға өтінімдерді қарау мерзімі сол конкурстың шарттарымен белгіленеді.

8.9 Лицензиялар алуға өтінімдер 8.7-тармақта келтірілген нысан бойынша толтырылады және олар түскен күннен бастап бір ай ішінде қаралуға жатады.

Ерекше жағдайларда өтінімдерді қарау мерзімі үш айға дейін ұзартыла алады, бұл жайында өтініш жасаушы жазбаша хабардар етеді.

Лицензиялар өтінімге алдын-ала сараптама жасау арқылы да беріледі. Оның мақсаты өтініш жасаушы кәсіпорынның қаржылық және техникалық құзыретін тексеру болып табылады.

8.10 Конкурсқа қатысу үшін өтініш жасаушыға ақы төленетін, лицензиялау объектісі бойынша алдын-ала геологиялық ақпараттың пакеті беріледі. Пакетте өтініш жасаушы кәсіпорынның жұмыс жүргізудің техникалық-экономикалық көрсеткіштерін есептеп шығаруына мүмкіндік беретін геологиялық кен-техникалық, технологиялық және өзге де ақпараттың қажетті мөлшері болуға тиіс.

8.11 Кәсіпорындар ұсынған жұмыс жүргізудің техникалық-экономикалық көрсеткіштерінің конкурс шарттарына сәйкестілігін бағалау мен жеңімпазды анықтауды конкурстық комиссия жүзеге асырады және олар хаттамамен ресімделеді. Конкурстық комиссияларды Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі немесе оның аймақтық басқармалары құрады.

8.12 Конкурс жеңімпазын таңдап алудың негізгі өлшемдерінің қатарына:

барлау жұмыстарын жүргізудің мерзімі мен интенсивтілігі;
өндірудің басталу мерзімі мен оның ең жоғары деңгейге жетуі;
жер қойнауын пайдаланғаны үшін республикалық және жергілікті
бюджеттерге біржолғы және ұдайы төлемдердің мөлшері;
жер қойнауын пайдалану аумағының өндірістік және әлеуметтік
инфрақұрылымын дамытуға тартылатын инвестициялардың көлемі - жер
қойнауы мен айналадағы табиғи ортаны қорғау жөніндегі талаптардың
қ а м т а м а с ы з е т і л у д е ण г е й і ;

лицензиялар беруге межелік шарттар ретінде белгіленетін өзге де өлшемдер
ж а т а д ы .

8.13 Белгіленген өлшемдердің бәріне қанағаттандырылғандай сай келген және
барлық талап етілетін шарттарды орындауға оның қауһары жететінін дәлелдей
білген өтініш жасаушы конкурстың жеңімпазы деп танылады. Егер конкурсқа бір
ғана өтінім берілген жағдайда жер қойнауын пайдалану құқығына лицензия
жарияланған конкурстың шарттарымен сол өтініш жасаушыға беріле алады.

Егер конкурсқа қатысушылардың бірде бірі конкурс шарттарын орындауға
өзінің қаржылық және техникалық мүмкіндігі жететінін дәлелдей білмесе, онда
конкурс болмаған деп есептеледі. Конкурсқа қатысушылардың жұмсаған
ш ы ғ ы н д а р ы н а ө т е м ж а с а л м а й д ы .

8.14 Лицензиялар беру жер қойнауын пайдалануға кейіннен контракт (шарт)
өзірілеу мен оған қол қою үшін міндетті шарт болып табылады. Жасалатын
контрактінің түрін әрбір нақтылы жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі
айқындайтын құзырлы орган белгілейді. Контракт жасалғанға дейін оның
негізінде жатқан лицензияның мазмұны лицензия берген орган мен иегерінің
өзара келісімі бойынша ғана өзгертілуі мүмкін.

8.15 Өндіруге деген құқық пайдалы қазбаларды өндіруге арналған контракті
жасалып, ол Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауы
министрлігінде мемлекеттік тіркелуден кейін пайда болады. Лицензияға қайшы
келетін шарттармен жасалған контрактілердің күші жоқ деп саналады.

8.16 Пайдалы қазбаларды өндіруге қолданғанда контрактінің негізгі түрлері:

к о н ц е с с и я ғ а к о н т р а к т ;
ө н і м д е р д і б ө л у т у р а л ы к о н т р а к т ;
б і р л е с к е н к ә с і п о р ы н ;
қ ы з м е т к ө р с е т у г е а р н а л ғ а н к о н т р а к т б о л ы п т а б ы л а д ы .

Пайдалы қазбалардың кен орындарын игеру мен пайдаланудың нақтылы
жағдайларына қарай контрактілердің құранды және өзге де нысандары
қ о л д а н ы л у ы м ү м к і н .

8.17 Жасалған контрактілер (шарттар) Геологияминінде тіркелуге және
сақтау үшін тапсырылуға жатады, ал лицензия беру, контрактінің жасалуы және

оның Геологияминінле тіркелуі туралы хабар арнаулы журналда (бюллетеньде) жарияланады.

9. Жер учаскелерін бөлу

9.1 Геологиямині немесе жер учаскелерін алып қою мен беруге мүдделі кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жер қойнауын пайдалану үшін немесе объекті салуға көзделген учаске орналасқан орынды алдын-ала келісу туралы өтініш білдіреді, жер учаскесінің шамамен алғанда мөлшерін, сондай-ақ жерді пайдалану мерзімін негіздейді.

9.2 Алып қоюға ұйғарылған жердің экологиялық және басқа да зардаптары мен сол аумақтың және оның жеп қойнауының болашағын ескере отырып, жер учаскесін таза күйінде (орналасқан жерінде) таңдап алу заңдарда белгіленген тәртіп бойынша жер иесінің, жер пайдаланушының, жерге орналастыру қызметі өкілінің қатысуымен қамтамасыз етіледі.

9.3 Жер учаскесін таңдап алу актімен ресімделеді, оған учаскелердің және ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы өндірісінің шығындары, мүдделі тараптардың келісілген хаттамалары қосылады.

9.4 Объектінің орналасатын жерін келісу материалдары жергілікті өкілді және атқарушы органдардың қарауына беріледі де олар бекітілгеннен кейін Геологияминіне жіберіледі әрі бұлар жер қойнауы учаскесін конкурсқа шығару үшін немесе лицензия беру үшін негіз болып табылады.

9.5 Лицензия алған соң жер қойнауын пайдаланушы жобалау-іздістіру жұмыстарын жүргізеді де содан кейін жергілікті өкілді және атқарушы органдарға алдын-ала келісілген жер учаскесін алу және оны объекті салу үшін беру туралы өтініш жасайды.

9.6 Жергілікті өкілді және атқарушы органдар түскен материалдарды жерге орналастыру органдарына жібереді, олар жер учаскесін алу мен оны пайдалануға беру жобасын жасайды.

Осы жобаны жер иеленушімен және жер пайдаланушымен келіскеннен кейін жергілікті өкімет органдары жер учаскесін алып қою және оны беру туралы шешім шығарады.

9.7 Жер учаскесін беру туралы шешімнің көшірмесі ол қабылданған сәттен 5 күн мерзім ішінде мүдделі жаққа беріледі.

9.8 Геологиялық, геологиялық-барлау, іздістіру, геодезиялық және басқа да іздістіру жұмыстарын жүзеге асыратын кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар жер иеленушілер мен жер пайдаланушылардан жер учаскелерін алып қоймай-ақ бұл жұмыстарды барлық жерлерде жүргізе алады.

9.9 Аталған жұмыстардың басталу мерзімі, орны, жерді пайдаланғаны үшін төлемдердің мөлшері, шығындардың орнын толтыру және жерді оны нысаналы

мақсат бойынша пайдалану үшін жарамды күйге келтіру жөніндегі міндеттер, сондай-ақ басқа да жағдайлар жер иесімен, жерді пайдаланушымен жасалатын ш а р т т а б е л г і л е н е д і .

9.10 Издестіру жұмыстары үшін жер учаскесін уақытша алуға рұқсаттаманы, оның қолданылу мерзімін көрсете отырып, дәлелденген өтінім негізінде сұратылған жер орналасқан орны бойынша жергілікті өкімет органдары береді.

10. Жер қойнауын пайдаланғаны үшін төлемдер

10.1 Қолданылып жүрген заңдарға және Үкіметтің қаулыларына сәйкес жер қойнауын пайдаланушылардан жер қойнауына құқығы және оны пайдаланғаны үшін төлемдер (бонустар, роялти, рентлз және басқалары) алынады.

10.2 Бұған қоса, жер қойнауын пайдаланушылар салықтар және олардың жер учаскелерін пайдаланғаны үшін ақы төлеуін қосқанда, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген басқа да алымдар мен төлемдерді төлеп т ұ р а д ы .

10.3 Геологиямині Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен келісуі бойынша лицензиялауға жататын, олар лицензияның шарттарына енуі мүмкін объектілер бойынша жер қойнауын пайдалану құқығы үшін жеке төлемдердің ең төменгі мөлшерін есептейді.

10.4 Төлемдердің нақтылы мөлшері шарттары, сондай-ақ қолданылатын жеңілдіктер шарт жасау мен конкурс өткізу барысында лицензияланатын әрбір объекті бойынша белгіленеді және контрактіде тұжырымдалады.

10.5 Жер қойнауын пайдаланғаны үшін ақы төлеудің құрамына жер қойнауынан алынған, бірақ лицензияланатын пайдалы қазбаны өндірген кезде өз сапасын нашарлатып алған басқа пайдалы қазбалардың құны да енуі мүмкін.

10.6 Жер қойнауын пайдалану құқығына лицензиялар берілгені үшін алымдар алынады. Алымдардың мөлшері мен оларды алудың тәртібін лицензиялар алуға түскен өтінімдерді сараптауға, конкурстар ұйымдастыруға, геологиялық ақпарат пакеттеріне төлеуге жұмсалған шығындарға және лицензия беруге байланысты өзге де шығындарға қарай Геологиямині белгілейді.

11. Лицензия беруден бас тарту

11.1 Жер қойнауын пайдалануға лицензия беруден мынадай жағдайларда: өтініш жасаушының табиғатты пайдалану шарттарын ойдағыдай орындауға қабілеттілігі туралы кепілдіктері негізсіз деп танылған; өтінімді конкурс шарттарын бұза отырып берген; өтініш жасаушы қасақана теріс мәліметтер түсірген; объекті Мемлекеттік қорықтар, полигондар және мемлекеттік актілер, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулылары, Қазақстан

Республикасының Жоғарғы Кеңесі, облыстардың әкімдері, облыстар мен аудандардың мәслихаттары өндірістік игеруден шығарған басқа да қорғалатын аймақтар ауданында орналасқан жағдайда лицензия беруден бас тартылады.

11.2 Лицензиялар беруден бас тартуға, соның ішінде конкурсты дұрыс өткізбеу және жеңімпазды негізсіз айқындау себептері бойынша лицензия беруден бас тартуға өтініш жасаушы сот тәртібімен шағым жасай алады.

12. Лицензияның күшін тоқтату

12.1 Берілген лицензияның күші егер:

лицензия беру мен контрактіге қол қою лицензиат түсірген жалған ақпарат негізінде жүзеге асырылса;

лицензия беруге немесе контракт жасауға қатысушы лауазымды адамдар арасында сөз байласу фактісі белгілі болса;

лицензияда көзделмеген жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың жүргізілгені айқындалса;

бюджетке төлемдер өткізудің шарттары, лицензияда көзделген басқа да шарттар бұзылса;

жер қойнауын, айналадағы табиғи ортаны қорғаудың және жұмыс жүргізу қауіпсіздігінің белгіленген ережелері үздіксіз бұзылып отырса;

лицензиат - кәсіпорын жойылса не банкрот деп жарияланса;

лицензиат лицензияда белгіленген мерзім ішінде жер қойнауын пайдалануға кіріспесе немесе лицензия шартын бұзып жүрсе;

лицензиат жер қойнауын пайдалану құқығынан бас тартса;

лицензияның немесе контрактінің қолданылу мерзімі немесе контракт жасау мерзімі өтіп кетсе тоқтатылады.

12.2 Лицензияның күшін мерзімінен бұрын тоқтату одан кейін контрактіні бұзуға және лицензия иегерінен контрактіні мерзімінен бұрын бұздан келтірілген шығындарды өндіріп алуға әкеліп соғады.

13. Лицензиялар иегерлерінің құқықтары мен міндеттері

13.1 Лицензиялар иегерлерінің:

жер қойнауы учаскелерін белгіленген шекарада лицензияда және шартта (контрактіде) көрсетілген мақсатқа сәйкес кәсіпкерлік немесе өзге де қызметтің кез келген нысанын жүзеге асыру үшін пайдалануға;

шарттың (контрактінің) талабы бойынша өзінің қарауына берілетін өндірген шикізат үлесін қосқанда, өз қызметінің нәтижесін пайдалануға;

егер шарттар (контрактіде) өзгеше айтылмаса, оның кен өндіру өндірісінен соған байланысты ұқсату өндірісінен алынған қалдықтарды өз қалауы бойынша

п а й д а л а н у ғ а ;

егер оларды жүргізу айналадағы табиғи ортаға зиян

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК